

ӨОЖ 398; 801.8; МҒТАР 17.71.01  
<https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.04>Қ.М. ӘШІРХАНОВА<sup>1</sup>, Ж.К. СҮЙІНЖАНОВА<sup>2✉</sup><sup>1</sup>PhD, аға оқытушы*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*  
(Қазақстан, Атырау қ.), e-mail: ashirkhanovak@gmail.com<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты,*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доцент м.а.*  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz**ХАЛЫҚ ЕМШІЛІГІНІҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ  
КӨРІНСІ**

**Аңдатпа.** Халық ауыз әдебиетінің зерттеу нысандарының бірі халық емшілігі болып саналады. Халық емшілігінің тарихын, зерттелуін, ғылымдағы орнын белгілеудің маңызы зор. Қазақ фольклортану ғылымында түрлі аттармен танылған халық емшілігінің түп-тамыры Исламнан бұрынғы түркі наным-сенім жүйесінен бастау алады. Қазақ дәстүрлі халық емшілігінің түп-тамырында Көк Тәңірлік, шамандық/бақсылық сенімдер жатыр. Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде айтарлықтай маңызды рөл атқаратын халық емшілігінің түркі әлемінде кең қанат жайғаны соншалық, өмірдің кез келген саласынан өзіне орын таба білген. Зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік ғалымдарының қазақ халық емшілігіне қатысты түрлі талдаулары, ой-пікірлері және анықтамаларын нақтылау. Ғасырлар бойы жинақталған ауыз әдебиеті туындыларында ата-бабаларымыздың қаншама ғасырлар бұрынғы тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, салауатты өмір салтын ұстануға қатысты ой-толғамдары мен тәжірибелерін де кездестіруге болатынын зерттеушілердің пікірлері арқылы дәлелдеу. Мақалада қазақ және түрік халық ауыз әдебиетінде халық емшілігі ұғымының әр түрлі аталуы, анықтамасы, халық ауыз әдебиетіміздің баға жетпес інжу-маржаны саналатын Қорқыт Ата кітабындағы халық емшілігі туралы басқа әдеби туындыларда кездеспейтін мысалдар, емдеу тәсілдері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** халық ауыз әдебиеті, халық емшілігі, емдеу әдісі, дәстүрлі медицина, жыр-аңыздар.

**К.М. Ashirkhanova<sup>1</sup>, Zh.K. Suinzhanova<sup>2</sup>**<sup>1</sup>PhD, Senior Lecturer*Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov**(Kazakhstan, Atyrau), e-mail: ashirkhanovak@gmail.com*<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor  
*of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz**Reflection of Folk Healing in Kazakh and Turkish Oral Literature**

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Әшірханова Қ.М., Сүйінжанова Ж.К. Халық емшілігінің қазақ және түрік халық ауыз әдебиетіндегі көрінісі // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2021. – №4 (122). – Б. 37–46.  
<https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.04>

\* **Cite us correctly:**

Ashirkhanova Q.M., Suinjanova J.K. Halyq emshiliginin qazaq jane turik haliq auiz adebietindegi korinisi [Reflection of Folk Healing in Kazakh and Turkish Oral Literature] // *Iasaui universitetinin habarshysy.* – 2021. – №4 (122). – B. 37–46. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.04>

**Abstract.** Folk healing is one of the oldest, most important objects of the study of oral folk art. It is important to study the history, to determine the place of folk healing in science. In Kazakh folklore science, the roots of folk healing, known by various names, have their roots in the pre-Islamic Turkic belief system. At the root of the Kazakh traditional folk healing are the Kok-Tengri religion, shamanic beliefs / Baksanism. Folk healing, which plays a rather important role in our daily life, has developed so widely in the Turkic world that its application can be seen in any sphere of life. The purpose of this study is to study various analyses, opinions, approaches concerning folk healing, as well as the results of the study of Kazakh and foreign scientists regarding Kazakh folk healing. It is also possible to prove through the judgments of researchers that in the works of oral folk art accumulated over the centuries, one can also find reflections and experiences of our ancestors concerning everyday life, traditions, and a healthy lifestyle. The article discusses various names, definitions of the concept of folk healing in Kazakh and Turkish oral literature, examples, methods of treatment that are not found in other literary works about folk healing except the book Korkyt Ata, which is a priceless pearl of oral folk healing.

**Keywords:** oral folk art, folk healing, methods of treatment, folk medicine, myths.

**К.М. Аширханова<sup>1</sup>, Ж.К. Суинжанова<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>PhD, старший преподаватель*

*Атырауский университет имени Х. Досмухамедова  
(Казахстан, г. Атырау), e-mail: ashirkhanovak@gmail.com*

*<sup>2</sup>кандидат филологических наук, и.о. доцента*

*Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz*

### **Отражение народного целительства в казахской и турецкой устной литературе**

**Аннотация.** Народное целительство является одним из древнейших, важнейших объектов изучения устного народного творчества. Важно изучить историю, определить место народного целительства в науке. В казахской фольклорной науке корни народного целительства, известные под разными названиями, уходят своими корнями в доисламскую тюркскую систему верований. В основе казахского традиционного народного целительства лежит религия Кок-Тенгри, шаманские верования/баксанизм. Народное целительство, играющее довольно важную роль в нашей повседневной жизни настолько широко развилось в тюркском мире, что его применение можно увидеть в любой сфере жизни. Целью данного исследования является изучение различных анализов, мнений, подходов, касающихся народного целительства, а также результатов исследований казахстанских и зарубежных ученых, касающихся казахского народного целительства. Суждениями исследователей также можно доказать, что в произведениях устного народного творчества, накопленных веками, также можно найти размышления и переживания наших предков, касающиеся повседневной жизни, традиций и здорового образа жизни. В статье рассматриваются различные названия, определения понятия народного целительства в казахской и турецкой устной литературе, примеры, методы лечения, которые не встречаются в других литературных произведениях о народном целительстве, кроме книги Кorkyt Ata, которая является бесценной жемчужиной устного народного целительства.

**Ключевые слова:** устное народное творчество, народные целительства, методы лечения, народная медицина, мифы.

### **Kіріспе**

Емшілік – адамзат жаратылғалы бері бірге жасасып келе жатқан фольклористика ғылымының ең көне әрі маңызды салаларының бірі. Халық емшілігі жөнінде түсініктеме

бермес бұрын, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың халықтық медицинаға қатысты жазып қалдырған еңбектерде *халық емшілігі* ұғымының баламасы ретінде қандай сөз орамдары қолданылатыны туралы мәлімет бере кеткен орынды болар. Пайдаланылған әдебиеттерде қазақ тілінде түрік тіліндегідей бұл ұғымның бір емес, бірнеше сөз орамымен аталатындығының куәсі болдық. Халық емшілігі түрік тілінде *geleneksel tip, geleneksel hekimlik, alternatif tip, halk tıbbi, tıbbi folklor, folklorik tip, tamamlayıcı tip, yerel tip, halk tababeti, halk sağaltmacılığı* және *ev tedavisi* секілді сөз орамдарымен аталатын болса, ал қазақ тілінде *қазақи емшілік, қазақи ем, қазақылық ем, халық емшілігі, халықтық медицина, халық медицинасы, дәстүрлі медицина, балама медицина, дәстүрлі қазақ емшілігі, қазақ шипагерлігі* және *ескіше ем-дом* сияқты сөз орамдарымен аталып жүр.

Емшілік бұрынғыдай кең таралмағанымен, бүгінде шектеулі ортада белгілі және осы ортада емдеу тәжірибесін жалғастырған көптеген бақсылардың/камдардың іздері сақталған, олар исламға дейін түркі әлемінде емдік қырларымен алдыңғы қатарға шыққан шамандар мен камдардың жалғасы. Бұл жағдай ғасырлардан бастау алған түрік мәдениетінің сабақтастығын көрсету тұрғысынан өте маңызды [1, 154-б.].

### **Зерттеу әдістері**

Мақалада қазақ және түрік ғалымдарының қазақ халық емшілігіне қатысты түрлі талдаулары, ой-пікірлері және анықтамаларын салыстыру, саралау, нақтылау, ғасырлар бойы жинақталған ауыз әдебиеті туындыларында ата-бабаларымыздың қаншама ғасырлар бұрынғы тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, салауатты өмір салтын ұстануға қатысты ой-толғамдары мен тәжірибелерін де кездестіруге болатынын зерттеушілердің пікірлері арқылы дәлелдеу әдістері қолданылады.

### **Талдау мен нәтижелер**

Адам баласы жаратылған сәттен бастап өз денсаулығын сақтау, жақсарту секілді маңызды мәселелерге көңіл бөліп келеді. Денсаулығына келген зақымды жою үшін сан алуан сынақ-тәжірибелер жасау арқылы көптеген әдіс-тәсілдер ойлап тауып, бүгінде ағзаның ең кіші құрамдас бөлігімен қоса емдей алатын ғылыми медицинаны өмірге әкеліп отыр. Ғылыми медицинаның негізін құрайтын құрамдас бөліктердің бірі – *халық емшілігі* деп аталатын емдеу практикаларының жиынтығы екендігі сөзсіз.

Алғашқы дәуірлерден бастап өзі мен қоршаған ортаны тани бастаған адам баласы сырқаттың себептері мен оны емдеу жолдарына қатысты жасаған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде өзіне күтім жасай алатындай дәрежеге қол жеткізген. Қазіргі уақытқа дейін сақталып келген жазу, сурет, құрал-сайман секілді бірнеше материалдар адамдардың сол кездегі жағдайда бірнеше емдеу тәсілдерін қолданғандықтарын көрсетіп отыр. Жалпылай айтқанда өсімдіктер мен жануарлардан жасалған *дәрі-дәрмектердің сиқырлау, магия жасау, құрбандық шалу* секілді діни жоралғылармен қатар қолданылуы емдеу ісінде әртүрлі тәсілдердің пайда болғандығын көрсетеді.

Халық емшілігі ұғымы осы тақырыпта жазылған еңбектерде неше түрлі сөз орамдарымен аталып жүрсе де, сайып келгенде, емдеу тәсілі мен процесінің, мәдениеті мен дәстүрінің түптес екендігі байқалады. Түркия Республикасында жарық көрген халық емшілігіне қатысты еңбектерді қарап шыққанымызда, халық емшілігінің не екені турасында көптеген түсініктемелер айтылғанын, алайда ең озық түсініктеменің түріктің фольклортанушы ғалымы П.Н. Боратавқа тән екенін көрдік. Түрік тіліндегі еңбектерде кездесетін түсініктемелерден П.Н. Боратавтың және осы салада құнды еңбектер жазып қалдырған бірнеше ғалымның берген түсініктемелеріне талдау жасап көрейік.

П.Н. Боратавтың пікірінше «*халық емшілігі дегеніміз – халықтың мүмкіндігі болмағандықтан немесе басқа да себептерге байланысты дәрігерге бара алмағандықтан*

яки барғысы келмегендіктен сырқаттарын (өз беттерінше) анықтап, емдеу үшін жүгінетін әдіс-тәсілдер мен процедуралар жиынтығы» [2, 122-б.].

П.Н. Боратав жоғарыдағы түсініктемесіне қосымша ауру деген ұғымды кең ауқымда түсіну керектігін баса айтып, ауру ұғымын тек адамның физиологиясынан туындайтын ақаулар ретінде емес, тіл-көз тиюден бастап белсіздік, бедеулік және табиғаттан тыс тіршілік иелері себеп болуы мүмкін ауру түрлеріне дейінгі кез-келген физиологиялық ақау ретінде түсіну керектігін де алға тартады [2, 123-б.]. П.Н. Боратав «...дәрігерге бара алмағандықтан, яки барғысы келмегендіктен» деген тұжырымдамасымен халық емшілігін таңдамалы сала ретінде көрсетеді. «Халық шипагерлігі дегеніміз – халықтың аурудың түрлері, белгілері және ұзақтығына қатысты көзқарастары мен сенімдері негізінде ауруды емдеп жазу үшін қолданатын жергілікті дәрі-дәрмектердің, магиялық және дәстүрлі ем-домдардың, тәжірибелердің жиынтығы» [2, 32-б.].

Ал Өрнек Седат болса, П.Н. Боратавқа қарағанда ауқымды әрі аналитикалық талдау жасай отырып, халық емшілігіне қатысты көзқарас пен сенім, жергілікті дәрі-дәрмектер, магиялық және дәстүрлі ем-домдар деген секілді ой атып, осы саланы толықтай қамтитын анықтама жасаған. Осы орайда Өрнек Седат П.Н. Боратавтың анықтамасында айтылмаған және түсініксіз сенім, магия, дәстүрлі секілді халықтық емшіліктің негізгі тұстарына назар аудартады. «Халықтың аурудан сақтану және ауруды емдеп жазу мақсатында жүгінетін табиғи, магиялық және діни жолдармен емдеу тәсілдерінің жиынтығын халық емшілігі деп атайды» [3, 54-б.].

Халық емшілігіне Өрнек Седаттың анықтамасына ұқсас анықтама жасаған Орхан Аджыпаямлы халық емшілігінде қолданылатын емдеу тәсілдерін негізге алған. Осы тұрғыда Орхан Аджыпаямлы халық медицинасының әлемнің кез келген елінде табиғи ортадағы дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері мен мүмкіндіктері негізінде қалыптасқандығын айтады. Орхан Аджыпаямлының пікірінше Анадолы тұрғындары осы уақытқа дейін төмендегідей алты емдеу түрімен емдеуге тырысқанын сөз етеді. 1. Діни сенімдер мен әдет-ғұрыптар жолымен емдеу терапиясы: денеге тікелей қатысы жоқ және науқасқа әсер ете отырып, психикасына әсер ете емдеу; 2. Кесу, тілу жолы арқылы емдеу. Аурулардың денелеріне кесу, тілу, тырнау, сызу немесе денелерін ұру арқылы жасалатын емдер; 3. Діни жолмен емдеу тәсілдері; 4. Өсімдіктермен емдеу жолдары; 5. Жан жануарларды қолданып емдеу; 6. Минералды заттар арқылы емдеу [4, 11-б.].

Анадолы халқы осы аталған емдеу түрлерін қолдану арқылы халық арасында жасалған емшілік дәстүрі арқылы бай фольклор қалыптастырған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл тәжірибелерді дәстүрлі медицина деп атайды және оларды әртүрлі мәдениеттерде қалыптасқан теориялардан, нанымдардан және тәжірибелерден алатын тәжірибелер жиынтығы деген анықтама береді. Жасалатын емдеу тәсілдері қатарында наным, сенім, массаж, дене жаттығуы, акупунтра, йога сияқты тәсілдер де бар. Сондай-ақ, барлық медицинадағы өсімдіктер, жануарлардан алынатын өнімдер, минералдар емдеуде қолданылады. Ал емшілер халық арасында сиқыршы, шейх, ұстаз, сынықшы, дипломсыз дәрігер, дем салушы деген атпен танымал [5, 32-б.].

«Халық арасында кездесетін ауруларға қарсы қолданылатын емдеу әдістері мен ауру түрлеріне қатысты дәстүрлі танымдардың жиынтығын халықтық медицина деп атайды» [6, 25-б.].

Йодердің «емдеу әдістерінің жиынтығы» мен «дәстүрлі» танымдарды сабақтастырып, жоғарыда келтірілген анықтамалармен мәндес анықтама жасағанын айтуға болады. Йодердің бұл анықтамасы – тарихи тұрғыдан түрік ғалымдарының анықтамаларына қарағанда ертеректе жасалған анықтама.

Қазақтың халық емшілігін зерттеуге өмірін сарп еткен қазақ ғалымдары мен өзге ұлт ғалымдарының еңбектерінде кездесетін анықтамалар тізбегі төмендегіше:

«Халықтық медицина – атадан балаға ауызша немесе жазбаша түрде берілетін, адам денсаулығының рухани және әлеуметтік ықпалдарға қарсы тұруын қамтамасыз ететін, ауру аттарын табуға, аурулардың алдын алуға және жоюға бағытталған түсінікті және түсініксіз ғылымдар мен нақты тәжірибелердің жиынтығы» [7, 6-б.].

«Халықтық медицина – өсімдік пен мал өнімдерінен алынатын шипалы өнімдер мен минералды заттардың емдік қасиеттерін пайдалану арқылы түрлі ауру белгілерін анықтау, емдеу әдістері, мұнымен қатар аурудан сақтану жолдарына қатысты тарихи даму кезеңінде халық тарапынан жоғары бағаланған имприкалық ғылыми жүйе» [8, 9-б.].

Қазақ және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қазақ халық емшілігіне қатысты түрлі талдаулар, ой-пікірлер және деректер орын алғанымен, ғылыми тұрғыда нақты анықтама жасаған, өкінішке орай үш қана адам бар екен.

Себебін жоғарыда айтып кеткеніміздей, еңбектерде кездескен анықтама мен ой-пікірлерден Анадолы мен Қазақстандағы халық емшілігіне қатысты анықтамалар арасында айтарлықтай алшақтық жоқ екенін байқадық.

Адам баласы алғашқы рулық дәуірлерден бастап ауруға шалдықпауды тілеп, табиғаттың қатерлі күштерінен сақтану жолдарын қарастырған. Жарақат алып қалғанда не болмаса ауырып қалғанда сырқаттарына ем болатын жолдар іздеп, бір-бірлеріне қол ұшын беруді үйрене бастаған.

Адамзат өз тәжірибесіне сүйене отырып, жүздеген, тіпті мыңдаған рет қайталау негізінде алғашқы уақытта тамағының басым көпшілігін құрайтын жеміс, шөп және тағы сол сияқтылардың қасиеттерін түсіне бастаған. Олардың кейбіреулері шипа, екіншілері зиянды болатынына көздері жеткен. Осылайша бірте-бірте дәрігерлік көмектің алғашқы қауымдық түрі пайда болған [9, 11-б.].

Жабайы адамдар дін, табиғаттан тыс күш дегенді білген жоқ. Объективті шындықты стихиялы материалистік тұрғыдан қабылдады. Сондықтан ерте дүниедегі дәрігерлік көмек те рационалдық әдістерге негізделді. Бірақ кейіннен адамзаттың медициналық түсініктері діни идеологиямен, сиқырлық элементтермен нәрленіп, алдау-арбау құралдарының біріне айналды. Мұндай жағдайға қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер себепші болды [9, 11-б.].

К. Шүлембаев бұл мәселені материалистік тұрғыдан қарастырып, *дін мен табиғаттан тыс күш дегенді білмегендіктен* деген ой білдіріп, өзінің анимизмді мойындамайтынын байқатады.

Ал А. Алдашев пен Ж. Әлімханов болса, «Қазақтың Халық Медицинасының Құпиясы» атты ортақ еңбектерінде «Анимизм – алғашқы қауымдық қоғамда пайда болған тарихи маңызға ие құбылыс. Ол кезде адамдар жабайы табиғат алдында дәрменсіз еді; дене мен мидың ерекшеліктерінен, жалпы материалдық заттардың ерекшеліктерінен бейхабар болатын» [7, 5-б.] деген тұжырым жасап, К. Шүлембаевтың пікірлерінің ешқандай ғылыми дәйектемесі жоқ екенін баса айтып, оған үзілді-кесілді қарсы шығады.

Халық емшілігінің тарихи дамуына көз тастар болсақ, адам ақылының шексіз түрде бақылау жасай білу қабілетіне ие екенін байқаймыз. Осындай керемет бақылау жасау нәтижесінде дәстүрлі ғылымды жетілдіру күш-қабілетіне ие болған. Денсаулықты сақтау үшін сауықтыру тәсілдерін жетілдіруді де назардан тыс қалдырмаған. Тарихтан бұрынғы дәуірлерде қолданылған дәстүрлі емшіліктің тәжірибелері емшіліктің ғылым ретінде пайда бола бастағанын көрсетеді. Емшілер дәстүрлі емшілікті іске асырушылары ретінде қабылданған тарихтан бұрынғы дәуірлерден қазіргі кезге дейін көптеген өркениет ем табу мақсатында емшілердің көмегіне жүгінген. Риверс осы жөніндегі ойын былай жеткізеді: Көптеген қоғам аурудан қорғану мақсатында қалыптастырған жергілікті ем-дом тәсілдерін арнайы қасиеттерді бойларына сіңірген адамдар тарапынан жүргізілетін не болмаса жүргізілуі тиіс ем-дом тәсілдерін басқаша түрде қолданады. Мұндай ем-дом «үйішілік ем» болып саналады. Осы орайда ауру асқынбай тұрғанда қолданылатын ем-дом түрі деп атауға болады [10, 92-б.].

Адамзаттың жаратылуымен бірге жасасып келе жатқан халық емшілігі алғашқы қауымдық кезеңнен бастап дамыған өркениеттерге дейінгі аралықта адамның салауатты әрі ұзақ өмір сүруді армандауының нәтижесінде пайда болған. Бұл арман сәулет, музыка, әдебиет, қысқасы адамзат баласы өмірге әкелген бүкіл туындыларда ашық немесе жұмбақ түрде өзін көрсетіп келеді. Ғасырлар бойы жинақталған ауыз әдебиеті туындыларында ата-бабаларымыздың қаншама ғасырлар бұрынғы тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, сезім мен ойларын кездестіретініміз секілді олардың салауатты өмір салтын ұстануға қатысты ой-толғамдары мен тәжірибелерін де кездестіруге болады. Бұлардың бір бөлігі наным-сенімге қатысты болса, келесі бір бөлігі ақыл мен ғылымға негізделген әдіс-тәсілдер болып келеді. Түрік халық аңыз әңгімелерінде кездесетін емдеу әдістерінің біршамасы сол кезеңнің жағдайында мүмкін емес секілді көрінгенімен, қазіргі уақытта қарапайым әрі жеңіл бір әдіс секілді көрінеді.

Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде айтарлықтай маңызды рөл атқаратын халық емшілігінің түрік мәдениетінде кең қанат жайғаны соншалық өмірдің кез-келген саласынан өзіне орын таба білген. Бұл мәселе тек ауыз әдебиетінде ғана емес, ара-тұра көне түрік әдебиеті мен қазіргі әдебиетте де адамдардың қызығушылығын тудыра білген. Мұның ең керемет мысалы ретінде алғашқы сөздігіміз Диуани Лұғат-ит Түрікті атауға болады. Бұл сөздікте халық емшілігінің баламасы ретінде екі сөз келтірілген. Алғашқысы – «дәрі» деген мағына беретін «ем» сөзі (ДЛТ I: 38-3; 95-13; 407-28; ДЛТ II: 363-19; ДЛТ III: 157-7). Ал екіншісі «дәрі жасаушы кісі» деген мағына беретін «емчи» сөзі (ДЛТ I: 38-4; “Емчи анғар от атады (Емші оған дәрі жасады)” ДЛТ III: 252-12). [11;92].

Қазіргі кезде түркі әлемінің басым көпшілігінде халық емшілігі және дәріхана сөздерінің баламасы ретінде «ем» мен «емхана» ұғымдары қолданылатынын айта кеткен жөн болар. Ислам діні туралы алғашқы туындылар ішінде маңызды орынға ие «Құтты Білікте» де дәрі орнына «ем», ал дәрігер орнына «емчи» сөздері қолданылған.

Халық ауыз әдебиетіміздің баға жетпес інжу-маржаны саналатын «Қорқыт Ата кітабында» да халық емшілігі туралы басқа әдеби туындыларда кездеспейтін мысалдар кездеседі. Туындыда кездесетін халық емшілігіне қатысты мәселелер сол кезеңдегі тұрмыс-салтпен де тығыз байланысты. Еліміздің ғалымдары «Қорқыт Ата кітабына» қатысты жүздеген еңбек жазып қалдырған, бірақ бір өкініштісі кітапта кездесетін халық емшілігі мәселесі ғылыми тұрғыда қарастырылмаған екен.

«Әкесі Дирсе ханның оғына ұшқан Боғаштың жанына боз ат мінген Қызыр келіп, басынан үш рет сипап: Қорықпа, балам! Бұл жарадан өлмейсің. Жараң тау гүлі мен анаңның ақ сүтінен жазылады!» деп, ғайып болады. ...Анасы тауып алған кезде: Боз атымен Қызыр келіп, басымнан сипаған соң «Бұл жарадан өлмейсің. Жараңның емі тау гүлі мен анаңның ақ сүті» деді де ғайып болды» дейді. Бұны естіген анасымен бірге келген қырық қыз тауға шығып, жұпар иісті гүлдерді жинайды. Анасы емшегін сығады, бірақ сүт шықпады. Екінші рет сыққанда да сүт шықпады. Үшінші рет сыққанда, заулап сүт шығады. Бір ыдысқа сауа берді, сауа берді, соңында сүт пен қан аралас тамды. Сүтке тау гүлін ұнтақтап салып араластырып, баласының жарасына жақты. Боғаш жазылып, атына отырады» [12, 17–18-бб.].

Бұл жерде назарымызды аудартқан жайт – түркі халықтарының ежелден бері ана сүтінің пайдасын білетіндігі мәселесі. Ана сүтінің қазіргі кезде де кейбір сырқат түрлерін емдеуде қолданылып жүргені – бұл жайттың сөзсіз дәлелі. Айталық, көбінше балалардың құлағынан аққан былақты тоқтату, нәрестелердің бітіп қалған мұрнын ашу, көзге кіріп кеткен затты тазалау секілді аурулардан айықтыру үшін ана сүтін тамызады. Бұл жағдай түркі халықтарында ана сүтінің емдік мақсатта бірнеше ғасырлардан бері қолданылып келе жатқанын көрсетеді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup>Қазіргі дәрігерлер ана сүтін құлақ пен мұрынға тамызудың денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін екенін алға тартып, бұл әдісті дұрыс көрмейді.

Ана сүтімен емдеу мәселесі қазақ халық ертегісі «Жарты Төстік» ертегісінде де көрініс табады: «...айдаһарды жеңген батыр айдаһардың тісінен уланып, әлсірейді. Батырды анасының сүтімен емдеп жазады.» [13, 305-б.]. Бұл жерде емдеу әдісі түсіндірілмегенімен, ана сүтінің уды қайтару қасиетінің бар екенін байқауға болады. С. Қондыбай бұл мәселенің көптеген қазақ жыр-аңыздарында кездесетінін айтады.

«Қорқыт Ата кітабының» XVI ғасырдың басында жазылғанын ескерер болсақ, демек түркі халықтары ана сүтінің емдік қасиетін 400 жылдан бері біледі деп айтуға негіз бар. Ал бұл өз кезегінде түркі мәдениеті тарихы тұрғысынан өте маңызды. Екінші маңызды жайт – ем үшін гүл түрлерін пайдалану. Гүлдер дәрінің негізгі шикізаты болып табылады. Қазіргі кезде де өз елімізде және басқа да түркі жұрттарында әлі күнге дейін гүлдерді кептіріп, дәріханаларда сатуға.

«Салұр Қазанның ауылын жау шапқаны туралы» жырда Қара Қойшы кәпірлермен шайқас кезінде жараланып, кәпірлердің мүрдесінен от жағып, үстіндегі шекпенінің етегінен жыртып алып, отқа күйдіріп, күлін жарасына таңып, жарақатын емдейді [12, 24-б.].

Аталмыш емдеу әдісіне ұқсас ем түрі қазір де еліміздің кей ауылдық жерлерінде қанды тоқтату үшін қолданылып жүр.

Бұл әдіс Кеңес дәуірі қазақ әбедиеті туындыларынан Б. Нұржекеевтің «Бір Өкініш Бір Үміт» атты ғашықтық романында да көрініс тапқан. Тізесі жараланған немересінің жарасына әжесі ескі киізді отқа күйдіріп, таңып қояды. Шығармада жаңа киізге қарағанда ескі киіздің пайдалы әрі әсері жақсы болатындығы да айтылған [14, 38-б.].

Жараға күл басу әдісі Д. Кішібековтың «Қазақ менталитеті» атты монографиясында да айтылады: Ертеректе тәуіптер қан қысымы күшейген кезде шекеден немесе мұрынның ұшынан бәкімен түртіп қалып қан алған. Қара қошқыл қан азайып, қызыл қан аға бастағанда, күйген киіз басып, қанды тоқтатқан [15, 123-б.].

«Қорқыт Ата кітабынан» басқа түркі халықтарының ортақ ауыз әдебиетінде өзіндік орны бар халық аңыз-әңгімелерінде де халық емшілігіне қатысты мысалдардың көптеп кездесетіні сөзсіз!

Қорқыт ата туралы аңыз-әңгімелердің басым көпшілігінің басты тақырыбы – мәңгілік өмірді іздеу. Қорқыттың өлімнен қашуы мен мәңгілік өмірді іздеуінің астарында бақсылық идеологиясы жатқаны белгілі. Осы себепті Қорқыттан кейінгі кезеңдерде бар қазаққа танымал болған Қойлыбай, Балақай, Қара Мырза, Жаман Сарт, Шүмен, Досжан секілді қазақ бақсылары өліммен күрескен кездерінде Қорқыттың күйлерін ойнаған.

Қазақ жерінен, тіпті барша түркі жұртынан шыққан бақсылар өз пікірлерін Қорқыт ата деп білген. Қорқыттың бақсылығы, әсіресе қазақ даласында керемет сақталғаны соншалық, тарихта қалған қазақтың үлкен бақсылары Қорқытты пір тұтып, ұстаз санаған.

Зейнолла Сәнік Қорқыттан кейінгі бақсылардың Қорқытты әулие тұтып, медет сұрағандарын, ал Кетбұғаны бақсылардың пірі, жын-перілердің атасы санағандарын айта келе, бұл ойының дұрыстығын пысықтау мақсатында 1885 жылы Ресейдің Барнауыл қаласында В.В. Радлов жарыққа шығарған «Образцы народного литературы тюркских племен» атты еңбектен бақсы сарынынан мысал келтірген:

Өлі десем, өлі емес,  
Тірі десем, тірі емес.  
Ата Қорқыт әулие!  
Әуелі құдай жасаған,  
Бірінен бірін мол жасаған,  
Жынның арғы атасы – Кетбұға,  
Жын атасы – сары азбан,  
Әуре қылсам, сен азбан! [16, 46–51-бб.].

Қазақ ұлттық археология мектебінің негізін салушы, жаратылыстанушы, этнограф ғалым Ә. Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» еңбегінде бақсылардың пірі Қорқыт екенін жыр-дастандардан мысалдар бере отырып нақтылаған.

Су аяғы Қорқыт,  
Пәлекетті сен қорқыт!  
Бақсы пірі емес пең?!  
Бақсы баба, сен, қолда! [17, 144-б.].

Қорқыттан кейінгі кезеңдерде де қазақ даласында ғұмыр кешкен атақты бақсылардың көп болғанын айтып кеткен Ә. Марғұлан аталмыш еңбегінде бірнеше бақсы туралы деректер келтірген: «Ұлы бақсы-жыраулардың, қобызшылардың көп шыққан ортасы, әсіресе қыпшақтар арасы (XIII–XIV ғғ.) болған. Византия тарихында жазылған Көкем бақсы және Рум елі мен Мысырға елші болып барған Көсе бақсы, Беренде бақсы, Жарық бақсы. Бұлардың кейбіреуі Мысырға қобызын ала барғанда, Мысырдың суретшілері оларды суретке түсіріп алған. Қыпшақтар арасынан шыққан атақты бақсының бірі – Барлық бақсы. Ол Иранға, Газан Ханға елші болып барған. Бұлардан бөлек Сары Салтық, Сәкі Жаппар секілді өз заманының ұлы бақсысы атанған бақсыларды да атауға болады» [17, 158-б].

Ш. Уәлиханов Қорқыттан кейінгі ең үлкен бақсы ретінде Бағаналы Қойлыбай бақсыны атағаны белгілі. Мағжан Жұмабай 1923 жылы жазған «Қойлыбайдың қобызы» атты поэмасында Бағаналы Қойлыбай бақсының найман руынан шыққаны, бақсылық дарын-қабілеті және қобызының екі жүз атпен додаға түсіп, бәйгеден бірінші келгені туралы баяндалған. Қойлыбай бақсыдан кейінгі қазақтан шыққан атақты бақсылар мыналар: Тіней бақсы, Ізтілеу бақсы, Жансая бақсы, Қирабай бақсы, Аспандияр бақсы, Дархан бақсы, Ібү бақсы, Дәмелі бақсы, Әжібай бақсы, т.б.

Бақсылыққа қатысты материалдардың дерлік барлығында бақсы ойындарына кеңінен тоқталғанымен, бақсылардың жеке өмірі туралы тым қысқа әрі мардымсыз мәліметтер берілген. Бақсылар өміріне қатысты деректердің бұлай болуы бақсылар қоғамнан тыс; тау-тас, үңгір, орман, өзен-көл жағасы секілді адам аяғы баса бермейтін жерлерде өмір сүргендіктен болар деп топшылаймыз.

Бұл деректер бізге байырғы кездегі қазақ халық емшілерінің қаншалықты тәжірибелі болса, медициналық білімдері мен түсініктерінің де соншалықты дәрежеде жоғары болғандығын көрсетеді.

Миллердің жазбаларында Ресей қазақ жерін отарлағаннан кейін 1868 жылы қазақ даласындағы бақсылық дәстүрге ресми түрде тыйым салынғандығы және мұның басты себебінің мұсылман дінінің кеңінен қанат жаюына жол бермеу және Қазақстанға жіберілген түрлі экспедициялық зерттеу топтарының бақсылық өнерге қарсы шығуы туралы деректер кездеседі [18, 30-б].

Экспедициялық топтарда әскери дәрігерлер де болған көрінеді. Олардың басты мақсаты аймақтағы жұқпалы індеттің Ресейге жайылып кетпеуін қадағалау болатын. Зерттеу жүргізген ғалымдардың жазбаларында қазақтың дәстүрлі халық емшілігіне қатысты көптеген деректер кездеседі. Кеңестік дәуірде жүргізілген орыстандыру саясаты жергілікті халықтың ұлттық сана-сезімінің, тілінің және мәдениетінің дамуына жол бермеген. Жетпіс жыл бойы Кеңестік жүйенің қысымы шеңберінде жарыққа шығарылатын еңбектердің мазмұны үнемі қатаң талқылау-тексерістен өткендіктен, халық емшілігінің тарихына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, келешек ұрпаққа қалдыру мүмкін болмаған.

### **Қорытынды**

Ауру қашан пайда болған, себептері не деген сұрақтар – адамзат баласын әу бастан-ақ ойландырып-толғандырып келе жатқан мәселелердің бірі. Адамзаттың дамуымен бірге қоғам да дамып отырған. Әйтпесе қоғамның дамуы білім мен мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты еді. Ал адамзат баласы өзінің қоғамдық даму деңгейлеріне қарай өмір сүру



жағдайлары мен денсаулықтарын интеллектуалды тұрғыдан түсінуге тырысып баққан. Халық емшілігінің тарихи дамуы кезеңдеріне терең бойлай білгенімізде, жоғарыда аталған мәселелерді жіті түсіне білер едік. Осылайша мәселелерді тарихи кезеңдер тұрғысынан қарастыру халық емшілігінің өзіне тән даму ерекшеліктерін, әсіресе пайдасы мен зияндарын анықтауға және мындаған жыл бойы тоқтаусыз ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, уақыттың ағымына қарай қалай өзгеріске ұшырағанының сырын түсініп білуге мүмкіндік береді.

Егер халық емшілігіне қатысты терең зерттеу жүргізер болса, жоғарыда аталған тарихи әдістер қолданылуы тиіс. Қазақ халық емшілігінің тарихи тамыры өзге ұлттардың медицина тарихы секілді өте тереңде жатыр. Бұл мәселені ерте кезеңдегі өлшемдер бойынша қолға алу былай тұрсын, соңғы бірнеше жылда жазылған жазбаша деректердің болмауынан топтарға бөліп қарастырудың өзі қиындықтар тудыруда. Сондықтан халық емшілігіне қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, көбінше ел аузында жүрген алып-қашпа әңгімелер мен деректерге сүйенеміз. Ара-тұра XIX–XX ғасырларда өмір сүрген саяхатшылар мен фольклортанушылардың жазып алған жазбаларына сілтеме жасасақ та олардың да ешқандай ғылыми негізі жоқ. Себебі олар да куә болған оқиғаларының дұрыс-бұрыстығын зерттеп-зерделемей, хатқа түсіріп алған не болмаса басқа біреудің әңгімесінің желісі бойынша жазып алған. Тіпті қазірдің өзінде халық емшілігі тақырыбында қалам тербеп жүргендердің көпшілігі ел арасында айтылып жүрген деректерді ғылыми түрде зерттеп, талдамай-ақ, тек естігендерімен ғана шектеліп жатады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Recep Tek. Sağaltma ocaklarının tipolojisi üzerine bir deneme: kayseri örneği // *Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi*. Aralık 2019. Cilt: 7. Sayı: 20. Sayfa: 154–177.
2. Boratav, Pertev Naili. *Soruda Türk Folkloru*. – İstanbul: Gerçek Yayınevi, 1984.
3. Örnek, Sedat Veyis. *Soruda İlkelerde Din, Büyü, Sanat, Efsane*. – İstanbul: Gerçek Yayınevi, 1973. – 160 s.
4. Acıpayamlı, Orhan. “Türkiye Yağmur Duasında “Taş” ve “Kuru Kafa” Motifleri // *Antropoloji Dergisi*. – 1978. – №8. – S. 11–19.
5. Hüseyin Polat. *Halk hekimliği ve tamamlayıcı alternatif tip üzerine bir değerlendirme // Toplum ve hekim*. Ocak-Şubat 2017. Cilt: 32. Sayı: 1.
6. Yoder, Daphne. *Halk Tıbbı ve Modern Tıp / çev.: Sibel Yoğurtçuoğlu ve Ayfer Gülüm*. – Ankara: Geleneksel Yayıncılık, 2009. – 200 s.
7. Алдашев А., Әлімханов Ж. *Қазақтың халық медицинасының құпиясы*. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 86 б.
8. Әбілқасымов Б. *Телқоңыр*. – Алматы: Атамұра, 1993. – 158 б.
9. Шүлембаев К. *Тәуіпшілік деген не?* – Алматы: Қазақстан, 1978. – 156 б.
10. Rivers, Willam H.R. *Tıp, Büyü ve Din / çev. İ. Enis Köksaldı*. – İstanbul: Epsilon Yayınevi, 2004. – 160 б.
11. Масатташ Адем. *Dîvânu lugâti’t-türk’te halk hekimliği büyüsel ve rasyonel tedavi yöntemleri // Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi*. Sayı: 9/4 2020. S. 1348-1358.
12. *Қорқыт ата кітабы / Ауд.: Ә. Қоңыратбаев, Б. Ысқақов*. – Алматы: Жазушы, 1994. – 130 б.
13. Қондыбай С. *Арғықазақ мифологиясы*. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 б.
14. Nurcekeyev B. *Bir Pişmanlık, Bir Ümit / çev. E. Kaljanova*. – Ankara: Bengü Basımevi, 1985. – 396 б.
15. Кішібеков Д. *Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең*. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.

16. Радлов В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. – Санкт-Петербург, 1885. – 144 б. [Электронды ресурс]. URL: <https://rusneb.ru/catalog/> Дата Доступа.14.02.2018
17. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 153 б.
18. Миллер В. 1897: Из области Киргизских верований. Живая страна. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.booksite.ru/jiv/1897.htm>. (05.07.2017)

## REFERENCES

1. Recep Tek. Sağaltma ocaklarının tipolojisi üzerine bir deneme: kayseri örneği [An Essay on the Typology of Curing Stoves: an Example of Kayseri] // Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. Aralık 2019. Cilt: 7. Sayı: 20. Sayfa: 154–177. [in Turkish]
2. Boratav, Pertev Naili. Soruda Türk Folkloru [In the question of Turkish Folklore]. – İstanbul: Gerçek Yayınevi, 1984. [in Turkish]
3. Örnek, Sedat Veyis. Soruda İlkelerde Din, Büyü, Sanat, Efsane [Religion, Magic, Art, Myth in the Primitives in the Question]. – İstanbul: Gerçek Yayınevi, 1973. – 160 s. [in Turkish]
4. Acıpayamlı, Orhan. “Türkiye Yağmur Duasında “Taş” ve “Kuru Kafa” Motifleri // Antropoloji Dergisi. – 1978. – №8. – S. 11–19. [in Turkish]
5. Hüseyin Rolat. Halk hekimliği ve tamamlayıcı alternatif tip üzerine bir değerlendirme [An Assessment of Folk Medicine and Complementary Alternative Type] // Toplum ve hekim. Ocak-Şubat 2017. Cilt: 32. Sayı: 1. [in Turkish]
6. Yoder, Daphne. Halk Tıbbı ve Modern Tıp / çev.: Sibel Yoğurtçuoğlu ve Ayfer Gülüm. [Medicine, Magic and Religion]. – Ankara: Geleneksel Yayıncılık, 2009. – 200 s. [in Turkish]
7. Aldashev A., Alimhanov Zh. Qazaqtyn halyq medicinasynyn qupiyasy [Secrets of Kazakh folk medicine]. – Almaty: Qazaqstan, 1992. – 86 b. [in Kazakh]
8. Abilqasymov B. Telqonyr [Telkonyr]. – Almaty: Atamura, 1993. – 158 b. [in Kazakh]
9. Shulembaev K. Tauipshilik degen ne? [What is taupe?]. – Almaty: Qazaqstan, 1978. – 156 b. [in Kazakh]
10. Rivers, Willam H.R. Tıp, Büyü ve Din / çev. İ. Enis Köksaldı. [Medicine, Magic and Religion / trans. I. Enis Was Koksaldı]. – İstanbul: Epsilon Yayınevi, 2004. – 160 b. [in Turkish]
11. Masattash Adem. Dîvânu lugâti't-türk'te halk hekimliği büyüsel ve rasyonel tedavi yöntemleri [Diwani lugat-folk medicine in türk magical and rational treatment methods] // Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi. Sayı: 9/4 2020. – S. 1348–1358. [in Turkish]
12. Qorqyt ata kitabı / Aud.: A. Qonyratbaev, B. Ysqaqov [The book of Korqyt ata]. – Almaty: Zhazushy, 1994. – 130 b. [in Kazakh]
13. Qondybai S. Argyqazaq mifologiyasy [Protokazakh mythology]. – Almaty: Daik-Press, 2004. – 488 b. [in Kazakh]
14. Nurzhekeev B. Bir Pişmanlık, Bir Ümit / çev. E. Kaljanova [A regret, A hope]. – Ankara: Bengü Basımevi, 1985. – 396 b. [in Turkish]
15. Kishibekov D. Qazaq mentaliteti: Keshe, Bugin, Erten [Kazakh mentality: Yesterday, Today, Tomorrow]. – Almaty: Gylym, 1999. – 200 b. [in Kazakh]
16. Radlov V. Obyazcy narodnoi literatury tyurkskih plemen, zhivushchih v Yuzhnoi Sibiri i Dzhungarskoi stepi [Samples of folk literature of Turkic tribes living in Southern Siberia and the Dzungarian steppe]. – Sankt-Peterburg, 1885. – 144 b. [Elektrondy resurs]. URL: <https://rusneb.ru/catalog/> Data Dostupa.14.02.2018
17. Margulan A. Ezhelgi zhyr anyzdar [Ancient legends]. – Almaty: Jazushi, 1985. – 153 b. [in Kazakh]
18. Miller V. 1897: Iz oblasti Kirgizskih verovaniy. Zhivaya strana. [From the field of Kyrgyz beliefs. Living antiquity]. [Elektrondy resurs]. URL: <https://www.booksite.ru/jiv/1897.htm>. (05.07.2017)